

Кушенова Г.И.^{1*}

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
E-mail: jamal-i@mail.ru

ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЖОШЫ ЖӘНЕ ШАҒАТАЙ ҰЛЫСТАРЫ: ДЕРЕКТІК ШОЛУ

Аңдатпа

Шыңғыс хан Орталық Азия территориясын жаулап алу арқылы геостратегиялық маңызды аймаққа қол жеткізді. Монғол әскерлері Еуропа және Азия елдеріне еркін қозғалу мүмкіндігін алды. Соның ішінде, әсіресе Қазақстан тарихында ерекше маңызы бар Жошы және Шағатай ұлыстарының келешегі жергілікті түркі халқымен бірге өрбіді, мұнда түркі-исламдық ұстаным басымдық танытты.

Дешті Қыпшақ жерін қамтыған Жошы ұлысы ортағасырларда экономикалық тұрғыда мықты дамыған Еуразия территориясындағы мықты мемлекеттердің бірі болды. Ол XIII-XIV ғасырларда мейлінше қуатына еніп, Қытай, Батыс Еуропа, Мысыр, Кіші Азия, Үндістан елдерімен халықаралық сауда қарым-қатынастарын жолға қойып, әскери, мәдени, діни тағы өзге байланыстар орнатты. Осы тұрғыда түрік ғалымы Емел Гөгче Кылычтың «Алтын Орданың экономикалық тарихы (XIII-XV ғғ.)» атты еңбегі маңызды мағлұматтар ұсынады.

Мауераннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан жерін қамтыған Шағатай ұлысының территориясы өмір сүру тарихында билеушілердің ұстанған саясатына байланысты үнемі өзгеріске ұшырап отырды. Өмір Темірдің саяси аренаға шығуына дейінгі кезеңдегі аталған территорияда дулат тайпасының, ал кейін барлас тайпасының да ықпалын көруге болады. Бертін келе ұлыстың біртұтас территориясы шағатайлықтарға бағынған Моғолстан және Өмір Темірге бағынған Темір мемлекетіне бөлінді. Мұны түрік ғалымы Орхан Чынар «Шағатай мемлекеті тұсында Түркістанның саяси, әскери және әлеуметтік жағдайы» атты еңбегінде егжей-тегжейлі зерделейді.

Еңбектер италян, латын, византиялық, араб, парсы, армян тағы басқа тілдердегі сенімді деректерге негізделді.

Түйін сөздер: Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы, Моғолстан, экономикалық тарих, дереккөздер, саяхатнама, бітіг, жарлық, жарғы.

Алғыс айту: Мақала Қазақстан Республикасы «Араб, моңғол, парсы, қытай және түркі деректері бойынша Шағатай, Хайду және Моғолстан ұлыстарының этносаяси тарихы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: ИРН BR 18574101).

Кушенова Г.И.^{1*}

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан,
Астана, к.и.н., асс. профессор.e-mail: jamal-i@mail.ru

УЛУСЫ ДЖУЧИ И ЧАГАТАЯ В ТРУДАХ ТУРЕЦКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ: ОБЗОР ИСТОЧНИКОВ

Аннотация

Завоевание территории Центральной Азии обеспечило Чингисхану геостратегически важный регион. Монгольские войска получили возможность беспрепятственно перемещаться в страны Европы и Азии.

Изучение этого периода особенно важно для истории Казахстана, так как последующее развитие улусов Джучи и Чагатай развивалось в симбиозе с местными традициями и культурой тюркских народов с преобладанием тюрко-исламской позиции.

В средние века улус Джучи, охватывавший территорию Дешт-и-Кипчака, был одним из наиболее экономически развитых государств на территории Евразии. В XIII-XIV вв. улус достигает своего расцвета, устанавливаются международные торговые связи с Китаем, Западной Европой, Египтом, Малой Азией, Индией, налаживаются военные, культурные, религиозные и другие связи. В этом контексте важную информацию дает труд «Экономическая история Золотой Орды (XIII-XV вв.)» турецкого ученого Эмеля Гогче Кылыча.

Территория Чагатайского улуса, охватывавшего земли Мавераннахра, Жетысу, Восточного Туркестана, на протяжении всей истории своего существования постоянно претерпевала изменения, обусловленные политикой его правителей. В период до выхода Амира Тимура на политическую арену на этой территории просматривается значительное влияние племени дулат, а затем и племени барласов. Впоследствии единая территория Улуса была разделена на Могулистан, подвластный чагатаидам, и государство Амира Тимура. Турецкий ученый Орхан Чинар подробно рассматривает эти события в своей работе «Политическое, военное и социальное положение Туркестана во времена Чагатайского государства».

Работы основаны на достоверных источниках на итальянском, латинском, византийском, арабском, персидском, армянском и других языках.

Ключевые слова: Улус Джучи, Улус Чагатай, Могулистан, экономическая история, источники, битиг, ярлык, устав.

Благодарность: Статья выполнена в рамках реализации проекта грантового финансирования Республики Казахстан на тему «Этнополитическая история улусов Чагатай, Хайду и Моголстана по арабским, монгольским, персидским, китайским и тюркским данным» (личный регистрационный номер: ИРН BR 18574101).

Kushenova G.I.^{1}*

*¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana, e-mail: jamal-i@mail.ru
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
E-mail: jamal-i@mail.ru*

JOCHI AND CHAGATAI ULUSES IN THE WORKS OF TURKISH RESEARCHERS: OVERVIEW OF FACTS

Annotation

The conquest of the territory of Central Asia provided Genghis Khan with a geostrategically important region. Mongolian troops were able to move freely to the countries of Europe and Asia. The study of this period is especially important for the history of Kazakhstan since the subsequent development of the Juchi and Chagatai uluses developed in symbiosis with the local traditions and culture of the Turkic peoples with a predominance of the Turkic-Islamic position.

In the Middle Ages, the ulus of Jochi, which covered the territory of Desht-i-Kipchak, was one of the most economically developed states on the territory of Eurasia. In the XIII-XIV centuries, the ulus reaches its peak, international trade relations are established with China, Western Europe, Egypt, Asia Minor, India, military, cultural, religious and other ties are being established. In this context, the work "Economic History of the Golden Horde (XIII-XV centuries)" by the Turkish scientist Emel Gogce Kılıç provides important information.

The territory of the Chagatai ulus, which covered the lands of Maverannahr, Zhetysu, East Turkestan, throughout the history of its existence, constantly underwent changes due to the policy of its rulers. In the period before the entry of Amir Timur into the political arena, a significant influence of the Dulat tribe, and then the Barlas tribe, can be seen in this territory. Subsequently, the unified territory of the Ulus was divided into Moghulistan, subject to Chagatai, and the state of Amir Timur. The Turkish scholar Orhan Chinar examines these events in detail in his work "The Political, Military and Social Situation of Turkestan during the Chagatai State".

The works are based on reliable sources in Italian, Latin, Byzantine, Arabic, Persian, Armenian and other languages.

Key words: Ulus Jochi, Ulus Chagatai, Moghulistan, economic history, sources, bitig, label, charter.

Acknowledgements: The article was carried out within the framework of the project of grant funding of the Republic of Kazakhstan on the topic "Ethnopolitical history of Chagatai, Haidu and Mughal uluses according to Arab, Mongolian, Persian, Chinese and Turkic sources" (personal registration number: Irn BR 18574101).

Кіріспе. Қазіргі отан тарихында мемлекеттілік мәселесін жаңаша көзқараста зерттеудің өзектілігі жоғары. Соңғы жылдарда отандық тарихшы ғалымдар тарапынан бірқатар тың материалдар жарияланып, жаңаша тұжырымдамалар ұсынылып келеді. Дегенмен, тарихымыздың ортағасырлық кезеңінде әлі де жан-жақты зерттеуді талап ететін көптеген тақырыптар бар екені ғылыми ортаға мәлім. Соның бірі тарихымыздағы «ұлыстық билік» кезеңі деп айтуға болады, «Ұлыстық билік» кезеңі болашақ Қазақ хандығының іргетасын қалады. Сондықтан Қазақ хандығының тарихында басты маңызды рөл атқарған Жошы ұлысының да, Шағатай ұлысының да қалыптасып дамуы тарихын зерделеу ұлттық тарих тұрғысынан өзекті болып табылады.

Жалпы XIII ғасырдың басында Орталық Азия территориясына саяси, экономикалық, этно-әлеуметтік тұрғыда ауқымды өзгерістер әкелген монғол империясы 1259-60 жылдарға дейін мемлекеттің орталығы Қарақорымнан басқарылды. Аталмыш жылдардан кейінгі кезеңдерде орталықтан оқшауланған төрт мемлекет пайда болды: Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы, Илханлы және Құбылай мемлекеттері [1, 31-32].

Бұл иеліктер бір-бірімен шекаралас орналасты, соның ішінде Жошы және Шағатай ұлыстарының халқы тығыз қарым-қатынаста болды. Оны тарихтан бірлестірген саяси, этно-әлеуметтік, сауда, мәдени, діни т.б. байланыстармен негіздей аламыз. Өзге екі ұлысқа қарағанда мұнда ерекше назар аударатын жайт, аталмыш территориялардағы түркі-исламдық бірегейлігі болатын, яғни халқының басым бөлігін түркі тайпалары және ислам дінін ұстанушылар құрады.

Зерттеушілердің пікірінше, Жошы ұлысына қатысты деректердің көбі шетелдік дереккөздерге негізделеді. Сол сияқты бұл ахуал Шағатай ұлысының тарихына да қатысты екенін аңғарамыз. Шағатай мемлекеті туралы арнайы диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысын әзірлеген түрік ғалымы О.Чынар шағатайлықтардың өз әулетінің тарихына маңыз бермегендігі, оның тарихын нақты ашуды қиындататынына тоқталады. Автор шағатайлықтар туралы жазба дереккөздердің сирек және нумизматикалық деректердің де толық немесе бүтін емес екенін айтады. Алайда Шағатай ұлысынан тыс жерлерде жазылған еңбектерде шағатайлық хандардың, олардың хандық құрған кезеңдері тура толыққанды мағлұматтар болмаса да, оларда құнды ақпараттар кездесетініне назар аудартады [2, 17].

Осы тұрғыда түрік зерттеушілерінің еңбектерінің деректік негізі отандық ғылыми ортаға танытылады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері. Жошы ұлысының экономикалық тарихына арналған Емел Гөгче Кылычтың түрік тілінде дайындалған «Алтын Орданың экономикалық тарихы (XIII-XV ғғ.)» атты еңбегі 650 беттен тұрады [3]. Автор тақырыпты зерттеу барысында қолданылған дереккөздердің басым бөлігімен түп нұсқада жұмыс жасаған.

Еңбекте Жошы ұлысының экономикалық құрылымына әсер еткен негіздер, даму кезеңдері, далалық аймақтың экономикалық өмірі, қаланың экономикалық өмірі, хандардың сауда саясаты, саудагерлер, ішкі сауда, импорт және экспорт, өзге елдермен экономикалық және сауда қарым-қатынастары, сауда жолдары, сауда кенттері, керуенсарайлар, жәрменкелер, баға қозғалысы, ақша саясаты, ақша шығару және ақша сарайлары, мемлекеттік айналымдағы ақша бірліктері, салық түрлері, экономикалық жауапкершілік, экономикалық өмірінде қаржы қызметкерлері, экономикалық артықшылықтар т.б. туралы тақырыптар зерделенеді.

Зерттеу жұмысында қолданылған дереккөздердің қатарында латын, итальян тілдерінде жазылған жарлықтар, бітігтер мен нұсқаулар Жошы ұлысының өз кезеңінде латын тілді мемлекеттермен арасындағы экономикалық қатынастарды растаушы маңызды құжат болып табылады. Зерттеуші Е. Кылычтың пікірінше, бұл құжаттардың түпнұсқасы парсы тілінде жазылған, алайда латын тілді мемлекеттер оларды түсінуі үшін латын және итальян тілдеріне аударып отырған.

Сонымен қатар О.Чынардың «Шағатай мемлекеті тұсында Түркістанның саяси, әскери және әлеуметтік жағдайы» атты түрік тілінде дайындалған еңбегі 188 беттен құралып, монғол, түрік, араб, парсы, армян тілдердегі дереккөздерге сүйенеді [2].

Зерттеу жұмысы Шағатай ұлысының пайда болуынан бастап оның екіге бөлінуі, тақ үшін соғыстар, ойраттармен қарым-қатынастар және ұлыстың жойылуы оқиғаларын қамтиды. Нақтырақ айтқанда, Шағатай ұлысының пайда болуынан бастап ұлыстың шекарасы, әскері, саяси құрылымы, пошта байланысының құрылуы, Шағатай мен Өгедей ханның арасындағы қарым қатынас, Тараби

қозғалысы, Шағатайдың қайтыс болуы, Шағатай ханнан кейінгі оқиғалар, шағатайлықтардың илханлы мемлекетімен, Әмір Темірмен, ойраттармен қарым-қатынастары т.б. зерделенеді.

Зерттеу тақырыбын ашуда тарихи, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістер кешені қолданылды. Соның ішінде дереккөздердегі мағлұматтардың шынайылығы мен сенімділігін зерделеуде деректік талдау жасалды. Ретроспективті әдісті қолдана отырып, ортағасырлық мемлекеттердің тарихына қатысты ақпараттар алынып, зерделенді. Оқиғалар желісінің логикалық сабақтастығын құрастыру үшін жүйелендіру әдісі қолданылды.

Талқылау. Жошы және Шағатай ұлыстары қазіргі Қазақстан территориясының басым аумағын қамтыған Шыңғыс ұрпақтарының мемлекеттері еді. Екі ұлыстың этностық құрамы түрлілігімен ерекшеленсе де, басым бөлігін түркі тайпалары құрады. Қалған екі ұлыспен салыстырғанда мұнда Шыңғыс ұрпақтарының түркіленуі және ислам дінін қабылдауы үрдістері жүрді.

Түрік зерттеушілерінің еңбектерінде әлі көтеріле қоймаған мәселелердің бірі Жошы ұлысының атауына қатысты екенін айтуға болады. Мәселен, қазіргі зерттеулерде «Алтын Орда» ұғымының орыс жылнамалары арқылы кіріккені айтылып келеді. Отандық ғылымда осы тақырыпты алғаш көтергендердің қатарында А. Күзембайұлы 1992 жылы жариялаған еңбегінде тарихшы И.Сұлтановтан мынадай сілтеме келтіреді: «Для обозначения этого нового монгольского государства в сочинениях мусульманских авторов и текстах официальных документов на протяжении всего средневековья употреблялись различные названия. Вот неполный их перечень: улус Джучи, Дешт-и Кипчак, Кипчак, Дом Бату, страна Берке, Северное царство, Улуг улус, Токмак, Токмакский улус, Узбеково государство, Узбекский улус. В исследовательской же литературе оно известно под именем Золотая Орда» [4]. Соңғы кездерде зерттеушілер жоғарыда берілген пікірге сәйкес ұлыстың шынайы атауы «Алтын Орда» емес екенін дәйектеп отыр.

Дегенмен, «Алтын Орда» ұғымының әлі де түрік ғалымдарының еңбектерінде белсенді қолданылып келе жатқанын байқау қиын емес.

Емел Гөгче Кылычтың «Алтын Орданың экономикалық тарихы (XIII-XV ғғ.) атты ғылыми зерттеу жұмысын Жошы ұлысын ортағасырлық ірі держава екенін дәйектейтін шетелдік ауқымды еңбек деп айтуға болады. Еңбекте қолданылған дереккөздердің отандық ғылымға танытылуы өз кезегінде отандық зерттеушілерге ізашар болары, тың тақырыптар ұсыну мүмкіндігі тұрғысынан маңызды болып табылады.

Зерттеушілер зерттеу жұмысында Түркияның, Ресейдің (Қазан қаласындағы), Италияның (Генуя, Венеция, Модена, Болонья қалаларындағы), Париж ұлттық кітапханасының қорларынан табылған құжаттар мен деректерге негізделеді.

Жошы ұлысын зерттеудегі мәселелердің біріншісі – нақты тарихи деректердің басым бөлігінің бізге дейін түпнұсқада жетпегені немесе өзге тілде екендігі. Екіншісі – дереккөздер географиясының ауқымдылығы.

Ұлыс тарихына қатысты жазылған орыс, араб, парсы, латын, итальян, византиялық т.б. дереккөздердің барлығына толыққанды зерттеу жүргізу ісі үлкен қиындықтар туғызады. Мұны зерттеуші Е. Кылыч та өзінің зерттеу жұмыстары барысында атап өтеді. Енді солардың бірқатарына тоқталып өтелік. Алдымен автор Венеция мен Генуяда орналасқан Италияның мемлекеттік мұрағаттарында тақырыпқа қатысты дереккөздердің түпнұсқасы емес, латын және итальян тіліндегі аудармалары сақталғанын баяндайды [3, XIII].

Ал Венецияның мемлекеттік мұрағатында сақталған жарлықтар мен өзге құжаттарды алғаш рет 1880-1899 жылдары Джордж Мартин Томас тарапынан «*Diplomatarium Veneto-Levantinum*» деген атаумен жарияланғанын айтады. Бұл жинақ туралы ресейлік Ш.Марджани атындағы ғылыми зерттеу институтының зерттеушісі Р.Хауталаның да өзіндік болжамы бар. Ол: «латын тіліндегі осынау құжаттардың түпнұсқасы қыпшақ тілінің хорезм диалектінде жазылған» [6, 31] - дейді.

Аталған құжаттарды түрік тіліндегі Бехджет Гюджер аударған, оны Е.Кылыч өзінің зерттеу жұмысында едәуір қолданған. Ал 2017 жылы осы жарлықтар мен бітігтердің транскрипциясы және түрік тіліндегі аудармасы Мелек Озетгин мен Ильяс Кемалоглу тарапынан «Алтын Орда хандығының ресми жазбалары» атауымен Түрік тарихы қоғамында жарияланған [3, XIV].

Еңбекте қолданылған маңызды дереккөздердің тағы бірі - *Codex Cumanicus* (Куман кодексі). Италиялықтар Қырымда сауда жасайтын қыпшақтармен байланыс орнатқаннан кейін 1303 жылы Солхаттағы саудаға қатысты «Куман кодексі» атты қыпшақ сөздігі жинақталды дей келе, еңбектің итальян және неміс миссионерлері тарапынан әзірленгені айтылады.

«Куман кодексі» қыпшақ тілінің XIII-XIV ғғ. ғасырлардағы Қара теңіздің солтүстігіндегі Қырым және Кавказда әртүрлі тілдерде сөйлейтін көптеген халықтардың арасында ортақ «сауда және

келісім-шарт тілі» деңгейінде қолданылғанын айта келе, сол кезеңдегі қыпшақ тілінің халықаралық аренаға көтерілген мәртебесін дәйектейді.

Автор «Куман кодексінің» XIV ғасырда компиляциямен жазылған екі бөлімнен, екі сөздік тізімінен тұратынын және шығармада қыпшақтың жазбаша емес, сол кездегі ауызекі тілі қолданылғанын айтады. Италиядағы еңбектің түпнұсқасының үлкен бөлігі Венецияда әулие Марк шіркеуінің кітапханасында (Biblioteca Divi Marci-Biblioteca Nazionale di S. Marco-Biblioteca ad Templum Divi Marci Venetiarum Venezia, Mss. Latini, Fondo Antico, Collocazione 1597, Codex DXLIX) № 549 нөмірімен тіркелген.

Еңбектің бастапқы 55 парағы Медичи Лауренциана Италия мемлекеттік кітапханасында сақталған. Еңбекте латын, парсы-қыпшақ-неміс сөздік тізімдері, католиктік кейбір діни әндер мен уағыздардың қыпшақ тіліне аудармасы, бір парақ готикалық жазба мен латынша жазылған қыпшақ тілінің грамматикасы бар. Зерттеуші бұл деректің қыпшақ жеріндегі кәсіп атауларын, сол кезеңнің егіншаруашылығында қолданылатын құралдар, колөнер салаларын зерттеуде маңыздылығын атап өтеді.

Келесі еңбек «*La Pratica Della Mercatura*» - деп аталады. Еңбек алғаш рет Кэмбридж баспасында 1936 жылы жарияланған. Фоларанстық Франческо Балдуччи Пеголотти 1338 жылы Қытайдың солтүстігі мен Тана арасындағы саудагерлер үшін анықтамалық еңбек ретінде әзірлеген. Бұл еңбек сол кезеңдегі сауда өнімдері, олардың бағалары, территориядағы сауда шарттары туралы құнды ақпарат береді.

«*Diplomatarium Veneto-Levantinum*» бұл Венеция мемлекеттік мұрағатында сақталған латын құжаттары бар жинақ. Мұны Джордж Мартин Томас 1880-1899 жылдар аралығында екі том етіп шығарған. Мұнда XIV-XV ғғ. Алтын Орда билігі мен Венеция Республикасы арасында жасалған халықаралық шарттар, саудагерлердің аты-жөні көрсетілген құжаттар бар.

«*Il Libri Commemorativi della Repubblica di Venezia: Regestri*» - 1300-1789 жылдардағы Венеция Республикасының (Commemorativi) мемлекеттік құжаттарының жазбаларын қамтитын 33 кітаптан тұрады. Ол XIV-XV ғғ. Венеция және онымен байланысты мемлекеттер тарихы бойынша өте маңызды дереккөз болып табылады. 1300-1326 жылдардағы жұмыс жазбалар оның талдауымен бірге қарастырылғанымен, басқа бөліктерде тек индекс бар және жұмыс хронологиялық тәртіпте жалғасады.

Бұл құжаттар Риккардо Пределли тарапынан құрастырылып, алғаш рет 1876-1914 жылдар аралығында «Тарих ескерткіштері» (Monumenti Storici) атауымен ауқымды серияның бір бөлігі болып жарияланды. Мұнда Венеция Республикасының саяси, дипломатиялық, сауда тарихы түйіндеме ретінде берілген. 2012 жылы жаңа баспасы шықты. Алтын Орда мемлекетінің Венецияға берген сауда жарлықтарынан тұратын коллекция «Commemorativi» деп аталады.

«*Pacta e Aggregati Liber Albus*» біріктірілген коллекция. XIII ғасырдан XVII ғасырға дейінгі аралықтағы 579 құжаттан тұрады. Алтын Орда мемлекетінің Венецияға берген жарлықтарының мәтіні «Libri Ractorum» бөлімінде «Liber Albus» және «Pacta» кітаптарында кездеседі. Венеция елшілерінің дипломатиялық жазбалары сақталған коллекциядағы деректер пергамент қағаздарына жазылған.

«*Senato Deliberazioni Misti-Misti Registri*» - Венеция мемлекеттік архивіндегі XIV-XVI ғғ. құжаттарын қамтитын құжаттар коллекциясы. «Mixtorum» (аралас) деп аталатын бұл коллекция сауда келісім шарттарымен бірге жаратылыстану, әдебиет, өнер сынды көптеген салалар бойынша 1293-1440 жж. аралығындағы құжаттарды қамтитын ауқымды коллекция. Қазіргі уақытта құжаттар электронды негізде қолжетімді. Коллекцияда 1401 ж. бастап «Secretorum» (құпия тақырып) атты өзге бір жинақ бар, ол елшілердің т.б. жіберген құжаттарынан тұрады.

«*Massaria di Caffa*» – Генуя мемлекеттік архивінде сақталған 1374-1424 жж. қатысты генуялық есеп-қисап (бухгалтерлік) жазбалары. Құл саудасына қатысты, Солхат әкімдері туралы мағлұматтар кездеседі. 1896 жылы бұл жазбалар Никола Иорга «Notes et Extraits Pour Servir a l'histoire des Croisades au XVe siecle» атауымен Парижде жарық көрді.

«*Pièces Diplomatiques Tirées des Archives de la République de Gènes*» - Генуя мемлекеттік архивінде сақталған латын тілді бұл құжатты француз тіліндегі аудармасымен екі мәтінді 1827 жылы осы Сильвестр де Саси (Sylvestre de Sacy) «Pièces Diplomatiques Tirées des Archives de la République de Gènes» атауымен жариялады.

«*Lettere di Mercanti Pignol Zucchello*» - венециялы саудагер Пигнол Зуцелло (Pignol Zucchello) 1336-1350 жылдарындағы Алтын Орданың сауда өмірінен мағлұмат береді. еңбек Италияда Мароззо делла Рокка (Marozzo della Rocca) жарық көрді.

«*Officium Gazarie*» - XIV ғ. ортасында Генуяның теңіз арғы жағындағы саудасын реттейтін сауда кеңесі. Бұл сауда Кеңесінің жарғыларын Лвдовиквс Савли (Ivdovicvs Savli) баспаға әзірлеп, «*Imposicio Officium Gazarie*» атауымен жариялайды.

«*Mukaddima*» Ибн Халдунның (қ.б. 808/1406 ж.) ең танымал еңбегі. Мукаддима автордың Мароккода 1378 ж. бастаған жеті томдық еңбегінің алғашқы томы ретінде белгілі. Еңбекте автордың тарих, экономика, әлеуметтану, саясат және қоғамдық ғылымдар бойынша ізденістері қамтылған. Ибн Халдунның бұл еңбегін бірнеше ғасырлардан кейін батыс ғалымдары өз теорияларына дереккөз ретінде қолданды.

«*Nihayetu'l-Arab fi Funûni'l-Adab*» - 1331 жылы Нувайри тарапынан жазылған еңбекте Берке ханнан бастап Өзбек хан дәуіріне дейінгі Алтын Орда мемлекеті туралы маңызды мағлұматтар қамтылады. Еңбек энциклопедиялық анықтама сипатында. Мұнда Алтын Орда - Мәмлүк мемлекеті арасындағы сауда байланыстары қамтылады.

«*Masaliku'l-Absâr fi Mamâliki'l-Amsâr*» - мәмлүк дереккөздері арасында Шихабдин Ахмет ибн Фазлаллах әл-Омаридің (1298-1349) еңбегі. Автор Алтын Ордаға барып қайтқандардан естігендерін жинақтап жазған, мұнда Алтын Орданың саяси, экономикалық тарихынан маңызды мағлұматтар берілген. Түркиядағы Сулеймание кітапханасының Аясофия коллекциясында №3415 арабша қолжазбасы тіркелген.

«*Siratu'l-Maliku'z-Zahir*» - ибн Абдуззахир Кади Мухиддин Абду'л-Фадлуллах жазған бұл еңбекте Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекетінің қарым-қатынасы баяндалады. Кади Мухиддин Абду'л-Фадлуллах Мысырдың сұлтан Бейбарыстың кеңсе қызметкері (сарай қаламгері) болатын. Бұл еңбекті кейінгі еңбектерге дереккөз ретінде қолданылады.

«*Zubdatu'l-Fikr fi Tarihi'l-Hicra*» - Рукнуддин Байбарс әл Мансури ал Дауадар ал Хатали (қ.б. 1325) тарапынан жазылған еңбек болып табылады. Автор мәмлүк сұлтаны Калавунмен бірге соғыстарға қатысады. Ал III әл Малик ан Насир тұсында мемлекеттің өкілі қызметіне дейін жоғарылайды. Еңбекте Берке хан мен Тоқта ханның тұсындағы мәмлүк мемлекетінің Алтын Ордамен арасындағы қарым-қатынастары туралы ақпарат қамтылған.

«*al-Bidâya va'n-Nihâya*» - ибн Касир атты автордың еңбегі жаратылыстан бастап 1357 жылға дейінгі оқиғалар туралы жалпы ақпарат береді. Түрік тіліне аударылған.

«*Târîhu'l-İslâm*» атты еңбек Шамсуддин абу Абдуллах Мухаммед бин Ахмет бин Осман бин Дамаскидің жазбасы 1300 ж. дейінгі оқиғаларға арналған.

«*Kitabû's-Sulûk li Marifet Düvel ve'l-Mulûkveen-Nukûd el-Kadime ve el-İslâmiyye*» - автордың толық есімі әл-Макризи Абу'л-Аббас Такииддин Ахмет бин Али бин Абдулкадир Макризи. Жоғарыда аталған қолжазба Алтын Орда мен Мәмлүк сұлтандығы арасындағы қарым-қатынастарды ашу тұрғысынан маңызды еңбектердің бірі болып табылады. Еңбек Сүлеймание кітапханасы Йени Джами коллекциясында №887 тіркелген.

«*Târîh-i Vassâf*» - Шараф аддин Абдуллах бин Фазлуллах Катиб-и Ширази (1264-1330 жж.) «Таджзийетул Амсар уа Тазджийетула сар» («*Târîh-i Vassâf*») атты бес томдық еңбегін 1298 жылы бастап, 1328 жылы аяқтаған. Зерттеушілер үшін еңбекте баяндалған сауда жолдары туралы мағлұматтар маңызды болып табылады. Қолжазбас Сүлеймание кітапханасында Есад Ефенди коллекциясы №2192 тіркелген.

«*Farsnâme*» - Алтын Орда мемлекетінің Еділ, Булғар, және Еуразия территориясындағы экономикалық тарихы туралы мағлұмат беретін Ибн Абу Зайнул әл Балхидың еңбегі.

«*Relations Historiques*» - Георги Пахимерестің (Georges Pachymeres) еңбегі Берке хан тұсындағы мемлекет туралы ақпараттар қамтиды. Еңбек 1259-1328 жылдардағы тарихи оқиғаларға егжей тегжейлі тоқталған сенімді дереккөз болып саналады. Мұнда Алтын Орда хандары Бату, Берке және маңғыт әмірі Тоқта, қолбасшы Ноғай туралы баяндалады. Мемлекеттің саяси, әлеуметтік ахуалынан сөз қозғайды. Түрікшеге Илджан Бихтер Барлас тарапынан аударылған.

«*Secreta Fidelium Crucis*» - ортағасырдағы византиялық маңызды дереккөздердің бірі. Мария Санудоның (Maria Sanudo) Египетке экономикалық эмбарго қолдануы, осыған байланысты Египетпен сауда қатынастарының тоқтатылуы, мұсылмандармен саудаға тыйым салған Папалықтың тыйымдарының қолданылуы, Египетке Византия және Алтын Ордамен сауда қатынасына шектеу қойылуы, сауда жолдарының өзгертілуі туралы хаттары мен жоспарлары қамтылады.

Зерттеуші О.Чынардың еңбегінде «Монғолдардың құпия шежіресі», «Алтан Даптер», «Шыңғыснама», «Бабурнама», «Түрік шежіресі», «Тарихи джихангушай», «Джами ат-тауарих», «Зафернаме» сынды танымал еңбектерге қоса, 1426 жылы Темір мемлекетінің билеушісі Шахрухтың билігі тұсына тән «Муиз ул Ансаб» атты авторы белгісіз еңбекті атап өтеді. Еңбек

Шағатай әулетінің шежіресін ұсынады. Зерттеушінің пікірінше бұл шежіре «Джами ат-тауарихте» аталып өткен «отбасылық сызықты» туралы ақпарат береді. Еңбек Францияда Париж ұлттық кітапханасында, парсы қолжазбалар бөлімінде № 67 тіркелген.

«Matla al-sa'dayn va Masma al-Bahreyn» - Исхак ал Самарканди тарапынан XV ғасырда парсы тілінде жазылған еңбек. Мұнда 704/1304- 875/1471 жж. аралығындағы Шағатай ұлысындағы оқиғалар тізбегі баяндалады.

Епископ Степаностың шежіресі армян тілінде жазылған еңбекте Шағатайдың Хорезм сапарына қатысуы туралы мол мағлұмат ұсынады. Қолжазюа Ереванда Матенадаран Музейінде №8481 тіркелген.

Зерттеу нәтижелері. Түрік зерттеушілерінің еңбектеріндегі Жошы және Шағатай ұлыстарының саяси, экономикалық, әлеуметтік, әскери ахуалына қатысты мағлұмат беретін құнды дереккөздерге шолу жасалды.

Жошы ұлысының ортағасырдағы жеке дара мемлекет ретіндегі алыс жақын шетелдермен саяси, экономикалық, дипломатиялық, сауда тағы басқа қатынастарын дәйектейтін мол дереккөздер арқылы мемлекеттің сол кезеңдегі экономикалық әлеуетіне баға берілген шетелдік ғылыми зерттеу жұмысы отандық ғылыми ортаға танытылды. Сонымен қатар ондағы ұлыстың экономикалық ахуалынан хабар беретін деректер іріктеліп ұсынылды.

Осы уақытқа дейінгі отандық ғалымдардың еңбектерінің көбі Жошы ұлысының саяси тарихына арналып келсе, мұндағы дереккөздердің танытылымы арқылы алдағы уақытта экономикалық мәселелерді зерттеуге үлес қосылды.

Шағатай ұлысы туралы еңбекте Шағатай ұлысының құрылуынан бастап 1544 жылдар арасындағы тарихы зерделенді. Автордың пікіріне сүйенетін болсақ, Шағатай ұлысының екіге бөлінуіне басты себептердің бірі ретінде дін факторы алға тартылған. Алладдин Тармаширин ханның Шағатай хандығында «яссы» заңдарының орнына шариғатты қолдана бастауы көптеген қозғалыстарға себеп болғаны, бірте-бірте, яғни 1345 жылдан бастап барлас тайпасының ықпалындағы Мауараннахр шағатайлықтары мен дулат тайпасының ықпалындағы Шығыс шағатайлықтары болып екіге бөлінгенінде діни көзқарастың өзіндік әсерін меңзеген. Дегенмен автордың бұл пікірі алдағы зерттеулерге ой салады, өйткені бұл көзқараспен толық келіспейтін зерттеушілер бар.

Қорытынды. Түрік зерттеушілерінің еңбектері тың және әр түрлі тілдердегі дереккөздерді салыстыра отырып қолдануымен құндылық танытады. Нақтырақ айтқанда, аталмыш зерттеулердегі италян, латын, Византия, араб, парсы, армян, қыпшақ т.б. тілдердегі бірқатар дереккөздерге шолу жасалуы Жошы және Шағатай ұлыстарының тарихы туралы деректік қорларды толықтыра түседі.

Жалпы алғанда Жошы және Шағатай ұлыстары ауқымды территорияны алып жатты, соған сәйкес территорияларға қарай саяси билік, экономикалық, этностық құрылымдарының да өзгеріп отырғанын назарда ұстаған жөн. Сондықтан ұсынылған дереккөздерден тыс көптеген дереккөздер бар екенін жоққа шығармаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Kushenova G. *Ögedey Kaan Devrinde Türkistan ve Maveraiünnehir (1229-1241)*. – *IQ Kültür Sanat Yayıncılık*, 2013. – 126 s.
2. Çinar O. *Çağatay Devleti Zamanında Türkistan'ın Siyasî, Askerî ve Sosyal Durumu. Doktora Tezi. - Mimar Sinan Güzel Sanatlar Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. – İstanbul, 2019. – 200 s.*
3. Kılıç Emel. *Altın Orda Devletinin İktisadi Tarihi (XIII-XV yüzyıllar) cilt II. – Ankara, 2017. - 650 s.*
4. Күзембайұлы А. Ұлығ - Ұлыс тарихының пікір-талас тудырар мәселелері // [https:// aqiqat.kazgazeta.kz/news/7527](https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/7527)
5. <https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi/tezSorguSonucYeni.jsp>
6. Хаутала Р. Ярлык хана Узбека францисканцям Золотой Орды 1314 года: латинский текст, русский перевод и комментарии // *Золотоордынское Обозрение. – № 3(5). – 2014. – с. 48.*

References

1. Kushenova G. *Ögedey Kaan Devrinde Türkistan ve Maveraiünnehir (1229-1241)*. [Turkestan and Maveraiünnehir during the Reign of the Kaan of Ogedey]/ Kushenova G. – *IQ Kültür Sanat Yayıncılık*, 2013. – 126 s. [in Türkiye]
2. Çinar O. *Çağatay Devleti Zamanında Türkistan'ın Siyasî, Askerî ve Sosyal Durumu. Doktora Tezi. [The Political, Military and Social Situation of Turkestan during the Chagatai State. Doctoral Thesis]/*

Chinar O. - Mimar Sinan Güzel Sanatlar Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. – İstanbul, 2019. – 200 s. [in Türkiye]

3. Kılıç E. *Altın Orda Devletinin İktisadi Tarihi (XIII-XV yüzyıllar). Doktora Tezi.[The Economic History of the Golden Horde State (XIII-XV centuries). Doctoral Thesis]/ Kilich E. – volume II. – Ankara, 2017. - 650 s.[in Türkiye]*

4. Kuzembayuly A. *Ulug- Ulus tarihinin piker talas tudirar meseleleri [Controversial Issues of the history of Ulug-Ulus] // <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/7527>*

5. <https://tez.yok.gov.tr/UlusalTezMerkezi/tezSorguSonucYeni.jsp>

6. Khautala R. *Yarlik khana Uzbek frantsiskanom Zolotoy Ordı 1314 goda: latinskiy tekst, russkiy perevodi komentariy [The label of Khan Uzbek to the Franciscans of the Golden Horde of 1314: Latin text, Russian translation and comments]// Zolotoordinskoe obozrenie. – № 3(5). – 2014. – c. 48 [in Russian]*